

Педагогикалық тәжірибе: білімді тәжірибемен ұштастыру

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технологиялар факультетінде білім беру үдерісі теория мен практиканы ұштастыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, педагогикалық тәжірибе магистранттың кәсіби қалыптасуындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл тәжірибе оқу барысында алған білімді нақты ортада қолдануға, оқу үдерісінің мазмұнын тереңірек түсінуге және жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар саласы қарқынды дамып келеді. Сондықтан бұл бағыттағы мамандар тек техникалық біліммен шектелмей, өз ойын анық жеткізе алатын, материалды түсінікті етіп түсіндіре білетін, аудиториямен тиімді байланыс орната алатын деңгейде болуы қажет. Осындай дағдыларды дамытуда педагогикалық тәжірибенің орны ерекше.

Тәжірибе барысында ашық сабақтар өткізу, оқу материалдарын дайындау, сабақ құрылымын жоспарлау, студенттермен байланыс орнату сияқты жұмыстар жүзеге асырылады. Бұл кезеңде аудитория алдында еркін сөйлеу, уақытты тиімді пайдалану, күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен жеткізу, студенттердің сұрақтарына нақты жауап беру қабілеттері қалыптасады. Бір тақырыпты өзің түсіну мен оны өзгеге түсіндірудің айырмашылығы зор. Сондықтан педагогикалық тәжірибе білімді терең меңгеруге де ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялар факультетінің кафедрасы магистранттардың кәсіби және академиялық дамуына қолайлы орта қалыптастырады. Кафедра аясында білім алушылар теориялық білімін тәжірибемен байланыстырып, ізденіс жасап, кәсіби бағыттарын айқындауға мүмкіндік алады. Бұл орта жауапкершілік, жүйелілік және дербестік сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға әсер етеді.

Педагогикалық тәжірибенің тағы бір маңызды қыры — оқу үдерісіне басқа көзқараспен қарауға жол ашуы. Бұрын студент ретінде қабылданған сабақ өткізу тәсілдері, материалды түсіндіру әдістері, аудиториямен жұмыс жасау ерекшеліктері енді кәсіби тұрғыдан бағалана бастайды. Бұл өз кезегінде оқытушылық қызметтің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, педагогикалық тәжірибе — білімді тәжірибемен ұштастыратын, кәсіби дамуға негіз болатын маңызды кезең. Ол магистранттың білімін бекітіп қана қоймай, өзіне деген сенімін арттырады, ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытады. Осындай тәжірибе арқылы болашақ маман өз бағытын айқындап, алдағы еңбек жолына сенімді қадам жасайды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ақпараттық технологиялар және
жасанды интеллект факультеті
аға-оқытушы Накибаева М.Т.,
1к. магистрант Тарихова А.Т.